ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 8 қараша №7119-24-00-2/13782 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Д.Смаилов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Үміт» дағдарыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Жарылқапова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Гулдана Жомартқызы Жарылқапова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Үміт» дағдарыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Жарылқапова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Гулдана Жомартқызы Жарылқапова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Жарылқапова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Гулдана Жомартқызы Жарылқаповадан мемлекеттік кірісіне 1 440 (бір мың төрт жүз қырық) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 889 (бір мың сегіз жүз сексен тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А. Смаилов

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 08.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.12.2024, судья Смаилов А. Д., 09.01.2025

7119-24-3-1/13217